

A.P. ҚАПАСОВА

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ЖӘНЕ РУХАНИШЫГАРМАШЫЛЫҚ ӘЛИТА ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК

Қазақстанда ұлттық бірегейліктің қалыптасуы мәселесі жалпы өз мазмұнында елдің тәуелсіздік алуы мен оны нығайту жолында туындаған қарма-қайшылықтар мен жетістіктерге толы саяси-әлеуметтік, мәдени-идеологиялық, саяси-құқықтық реформалар мен өзгерістерді қамтиды. Бұл саяси, әлеуметтік, мәдени саладағы жаңашылдықтар мен трансформациялық үрдістер, ең алдымен қоғам азаматтарының ұлттық бірегейлік сана-сезімдерінің өзгеріске ұшырауына тереннен ықпал етті. Яғни, Кеңестік Одақтың құлдырауы, орнына тәуелсіз Қазақстан Республикасының пайда болуы, бір мезетте қоғамда саяси-әлеуметтік, экономикалық өзгерістермен катар, азаматтардың ендігі жаңа мемлекет аясында өмір сүруі, әлеуметтік, ұлттық бірегейліктерін қайта анықтау немесе таңдау мүмкіндіктерін туғызды. Ол азаматтылық, өмір сүріп отырған мемлекеттің тәуелсіздігіне деген катынасты және өзін жаңа мемлекеттің ұлт өкілі санатына қамту сияқты т.б. мәселелерді анықтау міндеттерінен тұрды.

Қазақстанда ұлттық бірегейлік мәселесін қарастыру барысында туындаған басты, әрі күрделі жағдайлардың бірі – саяси басшылық, саяси әлита және ғылыми қауымдастық деңгейінде ұлттық бірегейлік ұғымын негізгі мазмұны мен бағытын анықтау болды. Демек тәуелсіздікке ие болған кезеңнен бастап елде ұлттық бірегейліктің басты екі мазмұны: этникалық немесе азаматтық негізді таңдау мәселесі саяси басшылық пен саяси әлитаның күн тәртібіне қойылды.

Қазақстанның қоғамдық-саяси, әлеуметтік дамуындағы обьективті жағдайына сәйкес ұлттық бірегейліктің мән-мазмұнын анықтау ізденістері, дегенмен де саяси-қоғамдық катынастың әр саласында өзінше қөрніс тауып, саяси, ғылыми, қоғамдық қауымдастықтардың арасында қызу пікірталасқа айналды. Ұлттық бірегейліктің жаңа бағдарын анықтауда 1990 ж. елде этноұлттық сана-сезімнің қоғамдық дәрежеде жаңғыруы, Қазақстанда ұлттық саясаттың этноұлттық бағытта жүруіне ықпал етті. Бұл процесс саяси-құқықтық деңгейде 1991 ж. қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі» жөніндегі Конституциялық Заңында және кейіннен, мемлекеттіліктің басты принциптерін сипаттап берген 1993 ж. қабылданған Қазақстан Республикасының Заңында: «Қазақстан Республикасы казак ұлтының өз мемлекеттілігін билеу формасы ретінде барлық азаматтарға тен

құқықтарды камтамасыз етеді» деп қазак ұлтының статусы ерекше аталау қорсетіледі [1].

Сонымен бірге, осы кезеңде назар аударатын мәселе, қазақтың саяси әлитасының арасында да Қазақстан мемлекетінің тәуелсіздігінің қалыптасуы этноұлттық басымдылықтарға негізделуі қажет деген пікір орныкты. Мәселен, Республиканың бұрынғы вице-президент Е.М. Асанбаев 1992 ж. маусым айындағы Еуропа Кеңесі делегациясының кездесуінде: «Қазақстан мемлекеті этникалық принциптер негізінде құрылады» деп жариялаған болатын [2]. Бірак Қазақстанда бұл мемлекеттің этноұлттық принциптерінің жүзеге асырылуы көпұлттық қурамы бар, биэтникалық құрлымында басты екі этнос – қазақ және орыс тұрғындары басым ортада аса қолдауға ие болған жок. 1993 ж. елдегі этникалық мобилизация қазақстанның қоғамда этникаралық қатынастың күрделі сипаттаға ие болғандығын қорсетті. Бұның өзі, саяси және мемлекеттік билік басшыларын алаңдатып, этникаралық қатынастағы қысымшылықтың алдын алу шараларын қолдануға мәжбүр етті.

1994 ж. бастап мемлекеттің ұлттық саясатында демократиялық принциптерді қүшешту бағытында өзгерістер орын ала бастайды. Бұл өзгеріс 1995 ж. қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясында орын алды.

Тәуелсіз Қазақстанның екі Конституциясын салыстыра келе, К.Е. Кушербаев: «1993 ж. Конституциямен салыстырғанда, кейіннен қабылданған Конституцияда этностық және этникалық принциптер екінші орынға ысырылып, мемлекеттілік сипатында жалпыұлттық принциптер басым түседі. Яғни, ұлттың территориялық моделіне көшу байкалды», - деп сараптайды [2]. Демек бұл арада мемлекеттің ұлттық саясатында этноұлттық бағыттан азаматтық негізге өзгеру үрдісінің орын алғандығын байқай отырып, бұл сол кезеңдегі биліктің республиканы екі басты бәсекелес этностары арасында ымыраластық қарым-қатынасты орнатудағы шаралардың бірі екендігін көреміз.

Дегенмен қоғамда ұлттық бірегейліктің онтайлы парадигмасын іздестіру күні бүгінге дейін Қазақстанның ғылыми және қоғамдық қауымдастырының бейжай қалдыра алмауда. Қазақстан қоғамы үшін ұлттық бірегейліктің этникалық немесе азаматтық бірегейлігінің қай түрі елдің мәдени, саяси, әлеуметтік және құқықтық негіздеріне сәйкес келеді деген сауалдың қоғам-

Смағұл Елубай: «Жалпы өз елінде 67 пайызды құраған ұлт монойлтты мемлекет. Сөйтеп отырып, ұлтқа қарсы доктрина жасаймыз. Бұл – өте қауіпті нәрсе. Мұның артында «қазақстандық ұлт» сынды қазақ ұлтына қарсы арам пиғылдардың барлығы жатыр. Түсінгенім, бұл доктринаны жасағандар казакты сүймейтін адамдар» деп ұлт мұддесін білдіреді [5, 5].

Демек, жалпы айтқанда, қазактың ұлттық элитасы өз пікірінде Доктринаны қазақтың ұлт ретінде жойылуының бастамасы ретінде сыйнай отырып, тәуелсіздік ен алдымен қазақ халқының мұддесін қорғау тиіс дейді. Мазмұны жағынан Қазақстандағы этникалық азшылық, орыс тілдес тұрғындардың бағдарына қарай жасалған құжат, қазақтардың елдегі жетекші саяси күш – ұлттық элитаның бастауымен елде саяси басымдыққа ие екендігін көрсетті.

Қазақ әлитасының бұл іс-әрекеті Қазақстандағы орыс тілдес әлітадардың, белгілі қайраткерлерінің наразылықтарын тудырды. Қазақстанда этникалық негізде партия құруды жақтайтын Орыс қауымдастырының басшысы Юрий Бунаков Қазақстандағы ұлттық азшылықтардың мемлекеттік биліктен өз мүшелері болуға тиіс дей келе, Доктринаға қатысты: «Нұрсултан Назарбаев неоднократно подчеркивал, что если не будет межнационального мира и согласия, то не будет и государства, и, по-моему, это ясно любому здравомыслящему человеку», - деп құжатқа қатысты оң қозқараста Ассамблеядығы ұлттық топтар оны қолдайтындығын білдірді [6, 2].

Дегенмен, бұл Доктрина өз мазмұнында көптеген ғылыми-саяси кемшіліктер жасап, қазақстандық қоғамды тұтастырудың орына де-зинтеграциялық рөл атқарғаны анық. Бұл ойды белгілі саясаттанушы Э. Фалидің пікірі негізінде негіздесек, ол: «Доктрина была не единственной ошибкой власти. Не мог один документ такой эффект иметь, это был довольно значительный накопившийся негативный потенциал, который реализовывался в виде альтернативной позиции Шаханова и его группы», - деп түсініктеме береді [6, 2].

16-17 желтоқсанда Алматы қаласының орталық алаңында демонстрациялық толқулар орын алғаннан кейін, Доктрина қабылдау мәселесі кейінгіге ысырылды. М. Шаханов бастаған «Тәуелсіздікті қорғау» қозғалысы билікке Доктринаның баламалы ұлгісін даярлад, оны ел талқылауына ұсынды. Бұл ұлгінің басты ерекшелігі, мұнда Қазақстан мемлекеті этноұлттық негіздегі мемлекет екендігі жарияланды. Бұл этникалық сипаттағы мемлекет түрі біз жоғарыда айтқандай, ел атауына қатысты өзгеріс енгізілуден байқал-

ды. Онда: «Қазақстан Республикасы өзінің бастапқы мемлекеттік атауына – Қазақ Республикасы атауына ие болады» деп ерекше аталағы көрсетіледі [7, 2] Мемлекетте этникалық ұлт моделінің негізін алған бұл құжаттың ұлгісі алдымен Қазақстанда ұлт қалыптасудың жаңа кезеңінің орын алғандығын көрсетеді. Яғни, байлайша айтқанда, ұлттық элитаның бастауымен ұлтшылдық қозғалысы нәтижесінде қазақтардың ұлттық сана-сезімінің оянуына тұрткі болып, жаңа деңгейде ұлттың топтасуына ықпал етті.

Десек те, бұл арада жоғарыдағы оймен қоғамда барлығы келіскең жоқ. Мәселен, Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Ермұхамбет Ертісбаев елдегі орыс тілдес баспасөздің бірінде «Кто вбивает клин между нациями Казахстана?» атты интервью мақаласында XXI ғасырдағы жаһандану жағдайында қазақтарды ұлт, басқаларды қоныстанған «этникалық топтар» деп ажыратудың мағынасы жоқ, бұл елде ұлтаралық бейбітшілікпен келісімге негізделген тұрактылыққа қауіп төндіреді, - дей келе, Қазақ Республикасы атауына өз қарсылығын білдіреді.

Дегенмен де бұл үкімет тараапынан ұсынылған Доктрина Қазақстан Республикасының 18 жылдық кезеңіндегі нәтижелерімен байланыстыра алмады, яғни, барлық жетістіктерді ысырып тастап, ұлттық құрылым үдерісін қайтадан бастауды ұсынды. Және азamatтық ұлт ұлгісінің басты тұстарын анық негіздей алмады. Нәтижесінде, қоғамда туындаған түсінбеушіліктер әлітадары деңгейде әр түрлі пікірлердің орын алуына себеп болды. Келтірілген пікір «Ел бірлігі Доктринасын» талқылауға келгенде позициялық жағынан Қазақстанда саяси элита мен контрэлитаның бір-бірінен өкшашуына әкелгені анық. Ал бұл өз алдына Доктринаның талдауына негіз болған қазақ және қазақстандық ұлт мәселесінің біздің қоғамда қайшылықты сипатқа ие екендігін көрсетті.

Қазақ және қазақстандық ұлт мәселесінің идеялық қайшылығы алдымен қоғамда, жоғарыда айттып кеткендей, «қазақ» және «қазақстандық» терминологиялық ұғым-түсінігінің мәнін анықтаудан басталады. Мәселен, Қазақстанда өмір сүретін қазақ ұлты өзінің ұлттық бірегейлігін «қазақтар» деп анықтаса, басқа өзге ұлт өкілдері өздерін қазақтар деген ортақ атаумен келіспей, «біз – қазақстандықтармыз» деп қазақстандық бірегейлікті алға тартады. Ал өз бірегейлігін қазақ деп анықтайтын көзқарасты жақтаушылар, керсінше, қазақстандық бірегейлікті жокқа шығарып, өздеріне бұл атады қолданудан бас тартады. Бұған бір мысал «Халық рухы» партиясының, қазірде «Тәуелсіздікті қорғау» партиясының төрағасы,

қоғамда заң жүзінде шаралар қолданғанымен де қазақ тілі символының орталыққа ие болу мүмкіндігі өлі де өлсіз. Тіл мәселесінде қазактар кеңестік дәуірден орыстану үрдісіне көп ұшыраған ұлттың бірі екендігін есепке алсақ, орыс тілінің қолданыс аймағы өлі де өз деңгейінде сакталуы мүмкін.

Славян және басқа этникалық элиталар, яғни, қазақстанның бірегейлікті жақтаушылар, қоғамда орыс тілін шектеу талаптары мен ұсыныстарын Қазақстандағы жергілікті емес ұлттар мен орыстарды кемсітуі, қазақ этнократиясының көрінісі ретінде сынайды. Олардың пікірінше, Қазақстан көпұлтты этникалық топтардың өмір сұру аймағы ретінде елдегі өр бір азамат күштеусіз коммуникациялық тілді тандауға ерікті деп санайды. Демек бұл арада тіл мәселесі, позициялық тұрғыдан қазақ элитасы бастаудың казақ ұлттық бірегейлігінің және оған қайшы көзқараста орыс тілдес элитаның қазақстанның бірегейлігінің өзара бәсекелестігін көрсеткен бірден-бір жағдай болды. Сонымен біздің қоғаммызыда Тіл туралы Заңың қабылдануына жиырма жылдан астам уақыт өтсе де, қазақ тілі мен символдары қоғамда өлі де басымдық жағдайға ие бола алмай отыр. Бұл себеп қазақ бірегейлігін ұстанушылардың қоғамда орталық жағдайды иеленуге деген талаптарының басқа өкілдер тарапынан күмәндік туғызады. Яғни, қазақ бірегейлігі Қазақстандағы ұлттық бірегейлік статусын иеленуіне күмән келтіріледі.

Жағдайдың мұндай сипат алуына, жоғарыда айтып кеткендей, бірегейліктердің бәсекелестігі, яғни, қазақ және қазақстанның бірегейліктерінің Қазақстандағы басты символдарды анықтау мәселесіне қатысты қарама-карсылықтары болып табылады. Қазақстанның бірегейлік позициясын ұстанушылар – орыстар мен Қазақстанның жергілікті емес халықтары үйреншікті символдардың, өсіреле, орыс тілінің кеңестік қоғамда алған орталық жағдайында сакталынып, периферияға ысырылмауын қалайды. Ал бұл үрдіс, әрине, қазақ тілі мен символдарының орталық орынды иеленуін өділеттілік деп санайтын қазақ бірегейлік позициясындағы элиталардың қарсылығын тудырады.

Қазақстанның бірегейлікті ұстанушылардың – орыс және басқа да жергілікті емес этностардың қоғамдық қарсылығы республикада бейжай және белсенді сипат алды. Бейжай орыстардың жаппай миграциялық қоныс аударуымен бұқаралық сипат алса, қазақ символдарына деген славян элиталарының белсенді қарсылығы, үкіметтің іс-қағазды мемлекеттік тілде жүргізуіне келіспейтіндігінен көрініп, бұл шараны өзге халықтарға қатысты келтірлген кемсітушілік де-

ген пікірден анық байқалады.

Қазақ символдарының қазақстанның қоғамның басты символдарына айналуына белсенді қарсылықтың орын алуына, сонымен бірге, Қазақстанның саяси, экономикалық, мәдени және т.б. салаларда Ресейге бағыт-бағдар ұстануы да әсер етеді. Ресейдің Қазақстанға қүшті ықпал етуі, өз алдына қазақтардың жаңа жағдайда одан әрі орыстана түсүін жалғастыра түспек. Қазақтардың орыстануы және ресейлік ықпалдың Қазақстанда күшешең, қазіргі біздің қоғаммызыда қазақ символдарының жетекші орынға шыға алмай отырғандығын да түсіндіреді. Демек, бұл жағдай біздің қоғаммызыда қазақ бірегейлігімен қатар, қазақстанның бірегейліктің орын алып отырғандығын көрсетеді.

Осы жерде назар аударатын мәселе, қазақтардың арасында өлі де орыстану үрдісінің сакталуы және ресейлік ықпалдың Қазақстанда күшешең, өз салдарында Қазақстанның көршілес мемлекеттермен аймакаралық бірегейліктің қалыптасуының бағыт-бағдарын анықтауына да әсер етіп отыр. Соның бір көрінісі, біздің қоғаммызыда соңғы жылдарда қызу пікірталас тудырған мемлекеттік статусқа ие казақ тілінің латын алфавитіне көшу немесе кириллица жазбасында қалу мәселесінен айқын көрінеді.

Жалпы қазақ тілі алфавитінің тандау мәселесіне қатысты пікірталас, ғалымдар, жазушылар, қоғам қайраткерлері тарапынан 1989 ж. Тіл туралы Заңың қабылданған кезеңінен бастап елімізде күні бүгінге дейін жалғасып келе жатыр. Бұл пікірталастың негізінде біздің көзқарасымыз бойынша, Қазақстанның ұлттық бірегейлігін анықтау мәселесі жатыр. Сондықтан да бұл арада Қазақстанның ұлттық бірегейлігі үшін қай өркениеттілік бірегейліктері – тұбі бір түрік бірегейлігі ме, өлде ресейлік бағдарлар шешуші рөл атқармак- деген сауалдың астарында қоғамда «латын-кириллица» диллемасы жатыр.

Қазақстанның тарихи-мәдени және геосаяси тұтастығын қамтамасыз етуіне ықпал ететін аймактық бірегейлік, әрине, елдің өз ішіндегі ұлттық бірегейліктің қалыптасуының бірден-бір факторы болып табылады. Қазақстан үшін сондай аймактың бірі болып өзін тарихи-мәдени бірегейлігімен байланыстыратын аймак – Орталық Азия және көн мағынада алғанда Әзіrbайжан, Түркия елдері және т.б. және Қазақстанның кеңестік кезеңімен байланысты ресейлік, орыстық немесе еуразиялық деп те атауға болады. Бұл бірегейлік түрі, қазақтардың ресейлік империяның өткен отарлық кезеңімен және кейіннен Кенес Одағы құрамындағы дәуірімен анықталады. Кенес Одағының құлдырауымен қазақтардың ресейлік бірегейлігі жойылды деген сөз емес,

Кедендей Одактың құрылуына қарсы болып, ел тәуелсіздігіне қауіпті деп санайды.

Елде орын алған наразылықтарды және қазақ зиялышарының мәлімдеме жариялауды орыс тілдес әлиталар өз пікірлерінде, қазактың белгілі тұлғалары ел тәуелсіздігіне қауіп төнді деген жалған жаламен, қоғамда толкулар туғызуда деп синауда. Бұл жөнінде Қазақстандағы республикалық «Лад» козғалысының төрағасы М.Б. Крамаренко: «Действия новоявленного движения «Защита Независимости» настораживают агрессивностью и не правовым характером действий. Как еще можно называть ситуацию? Когда при существующем демократически избранном парламенте и законно утвержденном правительстве, группа из 138, пусть даже иуважаемых лиц, пытается с помощью угроз «торпедировать» решение руководства страны, которое много лет подготавливалось и разрабатывалось компетентными специалистами. В своем популистском заявлении, «защитники национальной независимости», манипулируя цифрами, и используя исторические мифы и неосведомленность народа, создают атмосферу страха перед якобы грозящими возвратом в «колониальное прошлое», - деп сынға алады [11].

Демек Кедендей Одак пікірталасы астарында қоғамда әлиталық денгейде қазақ және қазақстандық бірегейліктің қарама-қайшылығы жатқаны анық. Эрі Ресейдің посткенестік кеңістікте тәуелсіз мемлекеттерге қатысты өз аймақаралық бірегейлігін қүшейту мақсаты да жоқ емес. Былайша айтқанда, бұл Одак Кремльдің аталған аймақта геосаяси позициясын нығайтудың құралы болып табылады. Ресейдің Одак құруға деген аса құлышының танытуын қазақ басылымдарының бірінде «орыс аюның» үйкесінан тұруы» немесе Путиннің «КСРО-ны жандандыру» операциясын қайта бастау деп бағаланды. Демек Одак мәселесінде туындаған бәсекелестікте қазақстандық бірегейліктен гөрі, этникалық қазақ бірегейлігі басымдық танытып, ұлт мұддесі үшін күресу идеясы орын алды.

Осы көзкарас тұрғысынан елде қалыптаскан бұл қазақ және қазақстандық бірегейліктердің өзара қарама-карсылығы мен бәсекелестігін негізінен мемлекет үшін бәсекелестік деп талдауға болады. Былайша айтқанда, аталған бірегейліктердің қайсысымен немесе ұлт үлгісімен Қазақстан мемлекет ретінде анықталмак?

Барлық формальды сипаты бойынша Қазақстан ұлттық мемлекет екені белгілі. Ұлттық мемлекетте ұлт пен мемлекет бір-біріне сәйкес болуы қажет. Қоғамда мемлекеттің ұлты қандай негізде болуы керек деген мәселеде белгілі бір консенсус болуы қажет. Ұлттық саяси қауымдастық десек, онда ол біреу ғана болуы керек. Бұл жөнінде

біздің қоғаммызыда консенсус жоқ. Сондықтан да Қазақстан Республикасы қай ұлттың атынан – қазақ па, әлде, қазақстандық ұлт атынан анықталуы керек деген мәселе бүгінде қоғамда пікірталас тудырып отырған басты мәселе болып отыр.

Ұлттық мемлекет жоғарыда айтқандай, бір ұлттың атынан анықталады. Егер бір мемлекетте екі ұлт өмір сүрсе және екеуі де сол мемлекет олардың мұдделерін білдіруші десек, онда Қазақстандағы ұлттық мемлекет өзінің түпкі мәніндегі шынайы ұлттық мемлекет мазмұнына сәйкес келмейді деген сөз. Мұндай қалыптасқан ұлттық мемлекеттердегі жағдайды анықтау үшін Роджерс Брубейкер, ұлтшылдану (национализирующейся немесе ағыл. nationalizing) үрдісіндегі ұлтшылдық және ұлтшылдану үрдісіндегі мемлекет ұғымын пайдаланады. Бұл ұғымның мәнін түсіндіру үшін Р. Брубейкер үш бүршіштіқ триадалық тізбегін сәйкестендіру арқылы этникалық немесе ұлттар арасындағы қарым-қатынастарының даму заңдылықтарын ашуға тырысады.

Брубейкер өз тұғырнамасында келесі элементтерді қамтитын аналитикалық тізбекті ұсынады:

1. Ұлтшылдану үрдісіндегі мемлекеттер.
2. Ұлттық азшылықтар.
3. Сыртқы Отандағылар [12].

Тізбекте көрсетілгендей, жаңа мемлекеттердегі ұлтшылдану үрдісіндегі ұлтшылдықтың негізінде – жергілікті немесе ядролық ұлттың талаптары, мемлекеттің басқа ұлттарынан ерекше мазмұнда, этномәдени терминде көрініс тауып отыр. Жергілікті ұлт мемлекетің иесі, ал мемлекет – жергілікті ұлттың мемлекеті деп қабылданады. Егер жергілікті ұлт, мемлекетті «өзінің меншік мемлекеті» деп жариялай алмаса, бұл жергілікті ұлттың басқа ұлттармен салыстырғанда, мәдени, экономикалық және демографиялық тұрғыдан әлсіз тұрғандығынан ғана жариялай алмауда. Жергілікті ұлттың бұл әлсіз позициясы, оның отарлық кезінде ұшыраған кемісітушіліктің салдары болып табылады. Сондықтан да тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін, мемлекет өз билігі мен бар ресурстарын жергілікті ұлттың мұдделері мен талаптарын бірінші орынға қойып, мүшкіл жағдайын калпына келтіруге тиіс [12].

Қазақстандағы қазақ және қазақстандық бірегейліктердің мемлекет үшін бәсекелестігі келтірілген Р. Брубейкердің концепциясының логикасына сәйкес келеді. Қазақ ұлты жергілікті ұлт ретінде Қазақстан Республикасын жеке өзінің мемлекеті ретінде қабылдайды, ал өзін Қазақстандағы мемлекет құраушы ұлт деп санайды. Осыдан келіп мемлекет, ен алдымен қазақ ұлты, оның дамуына, тілі мен мәдениетінің өркендеуіне жағдай жасау керек деген талап күшеюі занды.

бірегейлікті қолдайтын орыс тілдес элиталар тұр. Ал бұл қоғамда қазақ бірегейлігі мен қазақстандық бірегейліктерінің мемлекет символдары үшін өзара бәсекелестігінен туындалған отыр.

Қазақ және қазақстандық бірегейліктер мазмұны, құрлымы жағынан бірыңғай, бір-біріне ықпал етпейтін бірегейліктер емес. Олардың Әрқайсысы өз ішінде қарама-қайшы бірегейлікке қатысты әртүрлі көзқараста болмак. Мұндай топтар қазақ бірегейлігінің өз ішінде де және сонымен біруақытта, қазақстандық бірегейлікте де орын алады. Яғни, сырттай қарғанда, бір-біріне қайшы қазақ және қазақстандық бірегейліктер, анық сараптама барысында бұл бірегейліктердің өзара араластығының синтезі екендігін аңғартады. Қазақстандағы ұлттық бірегейлік, шын мәнінде, қазақ және қазақстандық бірегейлік түрлерін қамтитын, бірегейліктердің тоғысатын идеясы болып табылады.

Қазақстан ұлтшылдану үрдісіндегі мемлекет ретінде толық әлі де өз мағынасындағы ұлттық мемлекет емес. Себебі Қазақстан ұлттық мемлекеттерге тән мемлекеттіліктің, яғни, ұлт-мемлекет қалыптасу жолын әлі аяқтаған жок, нәтижесінде бүтінде қоғамда қазақ және қазақстандық бірегейліктерінің бәсекелестігі орын алып отыр.

ЛИТЕРАТУРА

1. Конституция Республики Казахстан. Официальное издание. Алматы, 1993. С.47.
2. Кушербаев К.Е. Этнополитика Казахстана: состояние и перспективы. – Алматы, - 1996. - С. 147.

3. Кадыржанов Р.К. Национальная идея и межэлитные отношения по вопросу государственного языка в Казахстане // Содержание и мобилизующий потенциал общенациональной идеи: Мат. республ. научно-теоретической конференции, посвященной 60-летию д.ф.н., профессора А.Г. Косиченко. Сост.: А.Н. Нысанбаев, А.Г. Косиченко, В.Д. Курганская. – Алматы: Ин-т философии и политологии МОН РК, Центр гуманит. исслед., 2008. – С. 69-77.

4. Қазақстанның «Ел бірлігі Доктринасы» // Талқылауга ұсынылған жоба. 2009 ж., 6 қараша. -2 б.

5. Мамай Ж. Зияны қауым бар екен // Жас Алаш. - 2009. 22 желтоқсан. №101. -5 б.

6. Рустам Али. Споры и диспуты вокруг доктрины национального единства // Деловая неделя. – 2009. 31 декабря. - № 50. - С.2.

7. Қазақстан Республикасы ұлттық саясатының тұжырымдамасы // Ел бірлігі. 2010. 30 қаңтар. – 2 б.

8. Қазақ ұлты – Қазақстандық ұлттың құрбанына айналма ма? // Жас Қазақ. 16 қазан. 2007. - 46.

9. Айтала А. Қазақты мәдени апатқа ұшыраған ұлтқа үқсатамын // Қазақстан музейлері. - 2007. - №3. - 27-29 бб.

10. Шаханов М. Шалыс қадам жарға жығады. Қазақстан Республикасының Премьер-министрі К. Мәсімовке жазған хат // Жас Алаш. – 2010. 8 сәуір. - №28. - 2 б.

11. Крамаренко М.Б. Таможенный союз и казахские «Геостраты». Заявление движения «Лад» от 29 марта 2010 г. //www.russians.kz

12. Brubaker R. Citizenship and Nationhood in France and Germany. – Cambridge: Mass, 1992. – P. 23-42.

13. Кадыржанов Р.К. Соперничество идентичностей национализирующегося государства // Актуальные вопросы развития политической науки в Казахстане. – Алматы: Министерство культуры и информации Республики Казахстан, Фонд духовного развития народа Казахстана, Центр актуальных исследований «Альтернатива», 2009. – 74 с.

14. Малеев С. Казахи не хотят быть казахстанцами // Мегаполис. №6. 3-4 с.

15. Кадыржанов Р.К. Есть ли национализм в Казахстане// Неопубликованный рукописный вариант статьи автора. – 10 с.

Проводя активную ценовую политику, государство может обеспечить прибыльность бизнеса, который не выгоден для чисто рыночного хозяйствования. К примеру, долговременные научно-программы, программы развития транспорта, связи, жилищно-коммунального хозяйства. В этом случае государственного регулирование цен может произойти размещением государственного заказа и задания.

Конечно, при чрезмерном государственном регулировании цен рыночные механизмы ослабевают, и возникает опасность потери рыночных ориентиров для сопоставления затрат и результатов, так как основные рыночные параметры испытывают сильное влияние со стороны нерыночных факторов. Не связанная с конкурентным рынком и устанавливаемая государством цена не может достаточно оперативно меняться в зависимости от изменяющегося спроса и предложения. В этой ситуации образуется, как и в плановой экономике, либо дефицит, либо затоваривание рынка не имеющими сбыта товарами.

Однако в случае полного отхода государства от участия в формировании цен и их регулировании разрушаются основы экономики, государство теряет один из важнейших методов борьбы с монополизмом, а рыночные отношения и финансовое положение многих предприятий становятся достаточно неустойчивыми.

Таким образом, в рыночной экономике недопустимы как чрезмерное увлечение установлением и регулированием цен со стороны государства, так и полный отказ от такого регулирования, прежде всего в отношении продукции эффективных, но затрудняющих конкуренцию монополистических предприятий. В переходный для общества период усиливается необходимость прямого государственного регулирования цен.

Государственное регулирование цен осуществляется также при помощи гарантирования производителям уровня продажных цен и посредством субсидирования издержек производства.

Наряду с методами прямого регулирования цен, государство осуществляло косвенное регулирование, т.е. воздействовало на процесс ценообразования и рядом косвенных мер. Меры косвенного регулирования цен, как правило, направлены на изменение конъюнктуры рынка, на создание определенного положения в области финансирования, валютных и налоговых операций, а в целом - на установление оптимального соотношения между спросом и предложением.

К методам косвенного регулирования цен относятся государственные закупки, налоговая система, регулирование денежного обращения и кредита, политика государственных инвестиций

и регулирование государственных расходов, установление норм амортизации и т.д. Этими мерами государство стремится установить равновесие между спросом и предложением и таким образом способствовать более равномерному и медленному росту цен в масштабах всей экономики. Косвенные методы регулирования цен проявляются в воздействии не на сами цены, а на факторы, влияющие на ценообразование, факторы, которые носят макроэкономический характер

В странах с динамично сбалансированной экономикой цены регулируются в меньшей степени, чем в странах с несбалансированной и неустойчивой экономикой. По мере стабилизации экономики сфера государственного регулирования сокращается и происходит постепенный переход к свободному ценообразованию.

Значительное влияние на уровень и динамику цен оказывает налоговая система. От размера налогов напрямую зависит динамика цен, темпы инфляции. Чем выше налоги, тем быстрее растут цены, тем шире инфляционный размах. Любой производитель старается перенести налог через цену товара на потребителя. Одновременно государство, получая большие доходы, увеличивает и свои расходы. Отсюда, для того чтобы снизить инфляцию, замедлить рост цен, государство должно уменьшать налоговые ставки.

Прямые методы контроля за ценами должны не противопоставляться косвенным, а сочетаться с ними - общая антиинфляционная политика и связанные с ней меры по косвенному воздействию на процессы ценообразования в этом случае дополняются непосредственными прямыми методами государственного регулирования. Государство путем установления определенных режимов движения цен, при помощи «замораживания» или «блокирования» их на определенном уровне посредством контроля над отдельными статьями издержек производства вмешивается в решения субъектов рынка относительно уровня цен на продукцию. Эффективность различных методов установления цен зависит от правильного выбора условия для их применения.

Мировая практика знает немало комбинаций различных методов регулирования рынков. Одни методы - как экономические, так и административные - выполняют в политике государства роль несущей конструкции и направлены на достижение поставленных целей, другие выступают в качестве амортизаторов и предназначены для гашения негативных эффектов, неизбежно сопровождающих государственное регулирование рыночной экономики.

На ценообразование товаров и услуг существенно влияет инфляционное давление. Инфля-

К сожалению приходится констатировать, что ценообразование на рынке потребительских товаров в значительной степени зависит от позиции тенге к курсам ЕВРО и долл.США. Рассмотрим две связующие составные рынка потребительских товаров, которыми являются продовольственные и непродовольственные товары.

Высокий удельный вес товаров отечественного производства наблюдается в ресурсах большинства продовольственных товаров. Вместе с тем, существует ряд продуктов, ресурсы которых обеспечиваются их импортом: плоды и орехи переработанные (92%), овощи и грибы консервированные (83,7%), мясо птицы (67,3%), кофе и чай (65,3%), рыба консервированная (65,1%). Экспорт продовольственных товаров продолжает осуществляться в большой степени за счет муки и крупы (61,8% и 16% от общего объема их ресурсов соответственно), что видно из нижеприведенного рисунка.

Рынок непродовольственных товаров обеспечивается, преимущественно, ввозом из других стран. Преобладание импорта в наполнении ресурсов наблюдается по таким важным товарам, как фармацевтическая продукция (89,4%), предметы личной гигиены (свыше 97%), компьютерное оборудование (94,7%), одежда (87,1%), электробытовые товары (75,9%), обувь (68,8%), мебель (50,8%) и т.д. Отечественное производство преобладает только в строительных материалах, являющихся природным сырьем (91,6-99,8% от общего объема ресурсов), что следует из рисунка.

Анализом причин и фактов, повлиявших на повышение цен на товары, работы и услуги на

рынке потребительских товаров установлены основные источники удорожания, которыми являются:

- нестабильность и отрицательный прогноз экономических показателей как внутри страны, так и на внешних рынках;

- наличие теневых отношений в потребительском секторе экономики, недобросовестность продавцов, монополизация и захват рынков потребительских товаров;

- несовершенство государственного регулирования рынка потребительских товаров, неразвитость института защиты прав потребителей;

- недостаточный маркетинговый анализ, мониторинг и контроль со стороны государственных уполномоченных органов за состоянием цены, инфляции, спроса и предложения.

Подчеркнем, что на рост цен непосредственно влияет инфляционное давление, которое корректируется косвенными факторами, имеющими местную составляющую.

Инфляция в экономике Республики Казахстан имеет определенные особенности.


Во-первых, она происходит при наличии огромного монополизированного государственного сектора экономики. Рыночные структуры формируются неправомерно, конкурентная среда развита слабо, правовая база рыночного хозяйства находится в стадии становления.

Во-вторых, основными причинами инфляции в экономике являются:

- а) монополизм предприятий и их диктат в области цен и кредитно-денежной политики;

- б) существование большого бюджетного дефицита, связанного во многом с неоправданной

**Индексы цен на продовольственные товары
в процентах к общему объему**



**Индексы цен на непродовольственные товары
в процентах к общему объему**

